

Түркістан облысының әкімдігі

Түркістан облысы әкімдігінің 2024
жылғы 6 мамырдағы № 78
қаулысы. Түркістан облысының
Әділет департаментінде 2024
жылғы 10 мамырда № 6530-13
болып тіркелді

Акимат Туркестанской области

Түркістан облысының тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтарының және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарының шекараларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 127-бабы 2 тармағына, «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабына, «Тарих және мәдениет ескерткішінің қорғау аймағын, құрылыс салуды реттеу аймағын және қорғалатын табиғи ландшафт аймағын және оларды пайдалану режимін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 86 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20395 болып тіркелген) сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Түркістан облысы бойынша тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтарының және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарының шекаралары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Түркістан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Түркістан облысының әкімі

Д. Сатыбалды



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

Түркістан облысы әкімдігінің
2024 жылғы «б» мамырдағы
№ 78 қаулысына қосымшаТүркістан облысының тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғау
аймақтарының, құрылыс салуды реттеу
аймақтарының және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарының
шекаралары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы әкімдігінің 17.11.2025 № 243 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Ескерткіштің атауы	Ескерткіштің түрі	Орналасқан жері	Ескерткіштің географиялық координаттары	Ескерткіштің аумағы	Қорғау аймағының көлемі	Құрылыс салуды реттеу аймағының көлемі	Қорғалатын табиғи ландшафт аймағының көлемі
Бәйдібек ауданы								
1.	Ақмешіт үңгірі	киелі объект	Кеңестөбе ауылынан 7 шақырым оңтүстік-шығыста	N 43°00'23.17 E 69°42'12.65	0,95 гектар	2 гектар	3 гектар	4 гектар
2.	Бәйдібек ата кесенесі, 1998 жыл	қала құрылысы және сәулет	Бәйдібек ата ауылының орталығында, Балабөген өзенінің оң жағалауында	N 42°59'30,5431 E 69°55'55,2370	84 шаршы метр	0,48 гектар	0,97 гектар	1,2 гектар
3.	Домалақ ана мазары, XX ғасырдың басы	қала құрылысы және сәулет	Ақбастау ауылынан 3 шақырым оңтүстікте	N 42°8'75645 E 69°6'70075	0,23 гектар	0,5 гектар	1,3 гектар	2,6 гектар
4.	Қарауылтөбе обасы, ерте темір ғасыры	археология	Шаян ауылынан Екпінді ауылына баратын тас жолдың сол жағында, 16-шы шақырымында, Жамбыл ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 7,7 шақырым жерде	N 42°54'52,2135 E 69°17'03,2777	0,76 гектар	1,6 гектар	1,93 гектар	2,4 гектар
5.	Қосым баба кесенесі,		Шаян ауылының	N 43°01'24,5000 E 69°22'14,7000	81 шаршы метр	0,16 гектар	0,36 гектар	0,57 гектар

	XIX ғасырдың соңы	қала құрылысы және сәулет	оңтүстік бөлігінде, мазарат ішінде					
Отырар ауданы								
6.	Отырар қалашығы, I-XVIII ғасырлар	археология	Талапты ауылының оңтүстік-шығыс шеті	N 42°51'09.5 E 68°18'10.8	173,5 гектар	17,4 гектар	14,5 гектар	14,9 гектар
7.	Оқсыз (Оқсус) қалашығы, I-XIV ғасырлар	археология	Маяқұм ауылынан 8 шақырым солтүстік те, Сырдария өзенінің сол жағалауында	N 42°57'08.0 E 68°02'02.1	33,2 гектар	10,1 гектар	10,9 гектар	11,8 гектар
Сауран ауданы								
8.	Сауран археологиялық-сәулеттік кешені, I-XIX ғасырлар Сауран қалашығы, XIII-XVIII ғасырлар Міртөбе қонысы, XV-XIX ғасырлар Қаратөбе қалашығы, IV-V – XIII-XIV ғасырлар	археология	Түркістан қаласынан 40 шақырым, Батыс Европа –Батыс Қытай трассасынан 1 шақырым	N 43°31'05.7 E 67°46'18.3 N 43°33'30.3 E 67°48'32.8 N 43°29'12.2 E 67°46'48.7	1161 гектар 17,8 гектар 254,7 гектар	63,3 гектар 8,8 гектар 26 гектар	63,4 гектар 9,5 гектар 25,6 гектар	64,5 гектар 10,4 гектар 26,4 гектар
9.	Жүсіп ата кесенесі, XII-XV ғасырлар	қала құрылысы және сәулет	Сауран ауданы, Ескі Иқан ауылында	N 43°10'40.3 E 68°32'05.5	286 шаршы метр	0,4 гектар	0,8 гектар	1,2 гектар
10.	Үкаша (Үкаш) ата кешені (мазар, құдық), IX-X ғасырлар	қала құрылысы және сәулет	Түркістан қаласынан 35 шақырым, Бабай-қорған ауылында	Мазар: N 43°36'56.7 E 68°15'42.4 Құдық: N 43°36'51.9 E 68°15'06.2	Мазар: 200 шаршы метр Құдық: 25 шаршы метр	0,17 гектар 0,02 гектар	0,3 гектар 0,05 гектар	0,45 гектар 0,09 гектар
Түркістан қаласы								
11.	Әлқожа ата кесенесі, XII ғасыр	қала құрылысы және сәулет	Түркістан қаласы, Ә. Тұтқабаяев көшесі, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен шығысқа қарай 2,5 шақырым жерде	N 43°17,432447 E 68°17,129365	280 шаршы метр	0,3 гектар	0,45 гектар	0,42 гектар
12.		қала құрылысы	Түркістан қаласы, Қожа Ахмет	N 43°17'25.7 E 68°16'31.1	348 шаршы метр	0,03 гектар	0,04 гектар	0,05 гектар

	<p>Цитадель қамал қақпасы, XVI-XIX ғасырлар</p> <p>Казарма, XIX-XX ғасырлар</p> <p>Ежелгі Түркістан қалашығы, XV-XIX ғасырлар</p> <p>Күлтөбе қалашығы, III-IV-XIV-XIX ғасырлар</p>	<p>сы және сәулет қала құрылысы және сәулет қала құрылысы және сәулет археология археология</p>	<p>Ясауи кесенесінен 22 метр солтүстік-батыста</p> <p>Түркістан қаласы, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен 45 метр оңтүстік-шығыста</p> <p>Түркістан қаласы, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен 40 метр оңтүстікте</p> <p>Түркістан қаласы, Ежелгі Түркістан қалашығының бөлігі</p> <p>Түркістан қаласы, Ежелгі Түркістан қалашығы қамалының шығыс жағы</p> <p>Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен 0,5 шақырым солтүстік-шығыста</p> <p>Түркістан қалашығының оңтүстік-шығыс бөлігінде</p> <p>Түркістан қаласы, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен 350 метр оңтүстікте</p>					
16.	Жәудір-ана мешіт-медресесі, XIV-XV – XIX-XX ғасырлар	археология	Түркістан қаласы, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен 1 шақырым оңтүстік-шығыста	N 43°17'28.6 E 68°16'26.1	0,4 гектар	1,5 гектар	1,7 гектар	1,9 гектар
Шардара ауданы								
17.	Ұзын ата кесенесі, XIX-XX ғасырлар	қала құрылысы және сәулет	Ұзын ата ауылынан 4 шақырым солтүстік-шығыста	N 41°44'07.8 E 67°59'30.9	67,2 метр	22,40 метр	22,40 метр	22,40 метр